

Тіркелген салық бірыңғай ставкаларды бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 маусымдағы N 24-5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 6 тамызда N 13-4-106 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 4 шілдедегі № 29-1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 04.07.2018 № 29-1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республиканың 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" заңының 6-бабына Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінің 422-бабының 2-тармағына, сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Ақжар ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін бір айда тіркелген салықтың бірыңғай ставкаларын белгілеу.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2011.12.20 N 39-3 Шешімімен (бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. 2005 жылғы 11 наурыздағы № 16-3 "Белгіленген салық жиынтығының мөлшерін бекіту туралы" (2005 жылдың 16 сауірдегі № 15 "Дала Дидары" газетінде жарияланған, 2005 жылдың 29 наурызында № 1550 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізімінде мемлекеттік тіркеуден өткен) шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім бұқара ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған күннен бастап он календарлық күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

К.Нұрымбеков

*Аудандық
мәслихат хатшысының м.а.*

Е.Жақыпов

КЕЛІСІЛДІ:

*Ақжар ауданы бойынша
салық басқармасының бастығы*

М.Тоқышев

Тіркелген салықтың бірыңғай ставкалары

№ п/п	Салық салу объектісінің атауы	Салық салу объектісінің бірлігіне ставкалардың бір айлық мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1.	Бильярд үстелі	13
2.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
3.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
4.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
5.	Ойын жолы	5
6.	Қарт	2